

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ**

**БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ**

**ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ПЕДАГОГТЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСТАРЫ**

Щучинск қаласы

2014 ж. 23-26 сәуір

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы жазғы балалар сауықтыру лагерлерінің тәлімгерлері үшін «Балалар лагерлерінің қызметін ұйымдастырудың заманауи жолдары» тақырыбындағы республикалық біліктілікті арттыру курстарын 2014 жылғы 23-26 сәуірде Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Қатаркөл ауылының «Звездный» балалар сауықтыру лагерінде өткізілді.

Курстың негізгі мақсаты – сауықтыру лагерлері жағдайындағы балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен сауықтыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыратын педагогтер мен тәлімгерлерге тәжірибелік және әдістемелік көмек көрсету.

Курсқа Астана және Алматы қалаларынан, сонымен қатар Ақмола, Қостанай және Павлодар облыстарынан дәріскерлер қатысты. Курсқа республиканың барлық өңірлерінен тыңдаушылар қатысты.

Курс «Тәлімгер – мамандық емес, жанның жай-күйі» атты іскерлік ойын ретінде Зеренді Балалар шығармашылық үйінің педагогикалық отрядымен бірлесіп ұйымдастырылды.

Курс соңында тыңдармандарға жобаларды сәтті қорғағаннан кейін біліктілікті арттыру курстарын өткендігі жөнінде куәліктер табысталды.